

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 26 ақпандағы N 52 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 наурызда N 2616 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы N 08 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 20.01.2016 N 08 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабы 3-тармағына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев әкімдігінің "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін жергілікті бюджет есебінен лауазымдық ақылардың және тарифтік ставкаларының жиырма бес пайызға көтерілуіне құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарының лауазымдар тізбесін анықтау туралы" 2008 жылғы 7 наурыздағы № 104 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2008 жылы 18 сәуірде № 13-9-72 бойынша тіркелді, 2008 жылғы 25 тамыздағы аудандық "Вести" газетінде жарияланды) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданының
әкімі

Қ. Пішенбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданының
мәслихатының хатшысы

Т.Ә. Әбілмәжінов

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 26 ақпандағы
№ 52 қаулысына
қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамтамасыз ету мамандарының лауазымдары:

- 1) үйде әлеуметтік көмек бөлімшесінің меңгерушісі;
- 2) күтім бойынша әлеуметтік жұмысшы.

2. Білім беру мамандарының лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеменің басшысы;
- 2) мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;
- 3) мемлекеттік мекеме басшысының бірінші орынбасары;
- 4) қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 5) қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 6) қазыналық кәсіпорын басшысының бірінші орынбасары;
- 7) мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің басшысы;
- 8) мектепке дейінгі мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;
- 9) мектепке дейінгі мемлекеттік мекеме басшысының бірінші орынбасары;
- 10) мектепке дейінгі қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 11) мектепке дейінгі қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 12) мектепке дейінгі қазыналық кәсіпорын басшысының бірінші орынбасары;
- 13) мұғалім;
- 14) социолог;
- 15) психолог;
- 16) тәрбиеші;
- 17) музыкалық жетекші;
- 18) нұсқаушы;
- 19) әдістемелік кабинеттің жетекшісі;
- 20) әдіскер;
- 21) шебер;

- 22) оқытушы;
- 23) вожатый;
- 24) кітапхана меңгерушісі;
- 25) жата қхана меңгерушісі;
- 26) шеберхана меңгерушісі.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеменің басшысы;
- 2) мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;
- 3) мемлекеттік мекеме басшысының бірінші орынбасары;
- 4) қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 5) қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 6) қазыналық кәсіпорын басшысының бірінші орынбасары;
- 7) бөлімше басшысы;
- 8) кітапхананың меңгерушісі;
- 9) мәдениет үйінің меңгерушісі;
- 10) әдіскер;
- 11) кітапханашы;
- 12) аға кітапханашы;
- 13) библиограф;
- 14) режиссер;
- 15) аккомпониатор;
- 16) мәдени ұйымдастырушы;
- 17) хореограф.

4. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:

- 1) дәрігер;
- 2) медициналық бике;
- 3) диетикалық бике.

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

- 1) бас маман;
- 2) аға маман;
- 3) нұсқаушы;
- 4) шебер;
- 5) әдістемеші;
- 6) жаттықтырушы.

6. Ветеринария мамандарының лауазымдары:

- 1) ветеринариялық дәрігер;
- 2) ветеринариялық фельдшер.

